

Қ.Б. Жалғасбаева , Г.Р. Даутова* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: gulnazdautova001@gmail.com

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АҚЫН ҚЫЗДАРЫНЫҢ АЛАР ОРНЫ

Айтыс – қазақ халқының рухани өмірінің ажырамас бөлігі. Ұсынылып отырған мақала қазақ айтысының даму тарихында ерекше орын алатын қазақ ақын-қыздарының шығармашылығына арналған. Айтыс жанры ұлттық әдебиеттің жетекші жанрларының бірі ретінде зерделенеді. Мақалада айтыс жанрының дамуына зор үлес қосқан ең көрнекті өкілдерінің шығармашылығы талқыланады. Талдау нысаны – әр дәуірдегі айтыс өнерінің озық үлгілері. Мақалада қазақ ақын қыздарының шығармаларының идеялық-тақырыптық мазмұны ашылады. Айтыс ақындарының белгілі бір тарихи дәуірдегі қоғам үшін өзекті әлеуметтік мәселелерді қозғайтыны көрсетілген. Мақалада негізінен қазақ ақын қыздарының мұрасын зерттеуге басты назар аударылады. Автор олардың шығармаларының айтыс өнерін дамытудағы маңызын аша отырып, ауқымды деректік материалдарды жинақтап, жан-жақты талдайды. Сонымен қатар, ақын қыздардың айтыс жанрының мазмұнын жаңартуға қосқан үлесі туралы айтылады. XIX-XXI ғасырлардағы қыз бен жігіт айтыстар қарастырылады. Мақалада қыз бен жігіт айтысының ерекше орын алатыны дәлелденді. Зерттеу барысында өткен дәуір мен қазіргі заманғы ақын қыздар шығармашылығына салыстырмалы талдау жасалады. Нәтижесінде авторлар ақын қыздар айтысының мазмұндық, формалық деңгейде айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын атап көрсетеді. Мақалада бұл жанрдың дамуына жаһанданудың ықпалы мен ақындар санасына әсері анықталады.

Түйін сөздер: айтыс, дәстүр, жанр, әуен, ақын қыздар, қыз бен жігіт айтысы.

K.B. Zhalgasbayeva, G.R. Dautova*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: gulnazdautova001@gmail.com

The role of kazakh women in the art of aitys

Aitys is an integral part of the spiritual life of the Kazakh people. This article is devoted to the work of Kazakh poets-girls, who occupy a special place in the history of the development of Kazakh aitys. This genre is one of the most popular and leading in national literature. The article discusses the work of the most prominent representatives who have made a significant contribution to the development of this genre. The object of analysis is the best examples of aitys art from different eras. The article explores the ideological and thematic content of the works of Kazakh poets-girls. It is indicated that poets touch upon social problems that are relevant to society in a particular historical era. The main attention in the work is paid to the study of the heritage of Kazakh poets-girls. It is indicated that poets touch upon social problems that are relevant to society in a particular historical era. The main attention in the work is paid to the study of the heritage of Kazakh poets-girls. The author summarizes and analyzes in detail the vast factual material, revealing the significance of their work for the development of the art of aitys. The article reflects on their contribution to updating the content of this genre. The article points out that the competition between a horseman and a girl occupies a special place in the art of aitys. In the process of research, a comparative analysis of the works of akyns of past eras and the present is carried out. Aitys of the XIX-XXI centuries are considered. The author emphasizes that this genre has undergone significant changes in the level of content and form. The article reveals the influence of globalization on the development of this genre and the consciousness of akyns.

Key words: aitys, tradition, genre, women poets, aitys of a jigit and a girl.

К.Б.Жалғасбаева, Г.Р. Даутова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: gulnazdautova001@gmail.com

Место казахских девушек в искусстве айтыса

Данная статья посвящена творчеству казахских поэтов-девушек, занимающих особое место в истории развития казахского айтыса. Данный жанр является одним из наиболее популярных и ведущих в национальной литературе. Айтыс выступает неотъемлемой частью духовной жизни казахского народа. В статье рассматривается творчество наиболее видных представителей, внесших существенный вклад в развитие данного жанра. Объектом анализа выступают

образцы искусства айтыса различных эпох. В статье исследуется идейно-тематическое содержание произведений казахских акынов. Указывается, что поэты затрагивают социальные проблемы, актуальные для общества в конкретную историческую эпоху. Основное внимание в работе уделяется изучению наследия казахских поэтов-девушек. Автор обобщает и детально анализирует обширный фактический материал, раскрывающий значимость их творчества для развития искусства айтыса. В статье осмысливается их вклад в обновление содержания данного жанра. В статье указывается, что состязание между джигитом и девушкой занимает особое место в искусстве айтыса. В процессе исследования проводится сопоставительный анализ произведений акынов прошлых эпох и современности. Рассматривается айтыс XIX-XXI веков. Автором подчеркивается, что данный жанр претерпел существенные изменения на уровне содержания и формы. В статье раскрывается влияние глобализации на развитие данного жанра и сознание акынов.

Ключевые слова: айтыс, традиция, жанр, девушки поэты, айтыс джигита и девушки.

Кіріспе

Әрбір елдің азаматтық өркениетіне қосатын бір үлесі болса, қазақ халқының қайталанбайтын, басқа елдерде кездесе бермейтін ұлттық дәстүріміз «айтыс» дейтін алып өнеріне өзіндік үлесін қосып жүрген айтыскер ақын қыздарымыздың алар орны ерекше. Тарихымызға ақындық жолдың ізгі ізін салған қазақтың ақын қыздары аз болмады. Олар Күнбала, Үлбике, Сара, Ақсұлу, Мәйке, Ақбала, Ырысжан, Салиқа, Тәбия, Ләтипа, Шәріпжамал, Манат, Айкүміс сынды ақын аналарымыз алыстан келе жатқан сарынды, тамыры тереңде жатқан ұлттық байлығымызды мұра етіп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білді. Одан бері Таушен Әбуова, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Шолпан Қыдырғиязова, Жадыра Құтжанова т.б.көптеген айтыскер ақын қыздарымыздың жалғасы бүгінде толастаған жоқ. Сөз қадірін білген ақын аналарымыз айтыс дәстүрі арқылы даналықты, адалдықты бағамдап, қазақ қоғамында әйелдер қауымының мәселелерімен қоса, елдің жай-күйін өлеңмен жеткізіп, ер азаматтарымыздан кем түспей, қоғам алдында өз деңгейлерін көрсете білді.

XIX ғасырдағы айтыс жырларында «Қыз бен жігіт» айтысының жарқын бейнесі ұтқырлық пен тапқырлыққа құралған айтыс шыңы болды. Бұл айтыс түрі той-томалақта айтылып, жұртшылықты күлкіге кенелтетін, сауық кештерде тілі мен мазмұны тартымды да жеңіл, шағын келетін айтыс болуы тиіс еді. Бірақ, бұл айтыс түрі ерекше болып, халық жадында ұзаққа сақталып қалды. Себебі, қоғам мәселесі соншалықты биік деңгейде жырланбаса да, елдің саяси әлеуметтік жағдайынан мағлұмат беретінін дереккөздерден байқауымызға болады.

Халқымыз ежелден қыз баланы сыйлап, қадірлеп өскен. «Қыз – елдің көркі» деп, ақындар бойжеткендерді аялап, шынарға, жауқазын гүлге, даланың ерке құралайына, ботаға балаған.

Елдің көркі болған ақын қыздарымыз, айтыстың да көркіне айналды. Ақын жігіттерімізді қамшылап, әдемі сөздерді өрнектеуге шабытта бере алды. Әсіресе, сөз қадірлеу, бағалау, жүйелі пікірді мойындау секілді теңдесі жоқ, ғажайып дәстүрді барынша бағамдап, өзіндік орнын жоғалтпай, айтысты асқақтатып халықтың құнды өнеріне өз үлестерін қосуда.

Қандай дәуір, қандай қоғам болмасын, айтыстың қоғамдық – әлеуметтік мәні терең болатын болса, оның идеологиялық ықпалының да мол болатындығы белгілі. Айтыс өнерінің халыққа, қоғамға, уақытқа қызмет ете беретіндігін өмірдің өзі дәлелдеді. Осындай «Айтыс» дейтін сөз сайысында айтыскер ақын қыздарымыз тартынбай шындықты айтып, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне бөленіп жүр.

Материалдар мен әдістер

Айтыс дәстүрін зерттеушілері қазақ ғалымдары арасында негізінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастау алады. Өзге елдің зерттеушілерінің жинақтап, жариялауы XIX ғасырдың соңынан басталады. Айтыс саласын зерттегендердің құрамында В. Радлов, А. Диваев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Тұрсынов, Т. Қалилаханов, М. Жармұхамедұлы, С. Қайнарбаев, І. Омаров, А. Қыраубаева, Қ. Асанов, С. Дәуітұлы, Ә. Байғиязов, А. Шаяхметов, Ә. Ақылбекұлы сынды зерттеушілердің еңбектерінде айтыскер ақын қыздар туралы мәліметтер мен деректер және айтыс өлеңдерінің жазба нұсқалары жинақталып берілген.

М. Жармұхамедұлының ғылыми сөзіне сүйенсек, қазақ даласынан шыққан ғалым, зерттеуші Ш. Уәлиханов та өзінің мақалалары мен жазбаларында айтыс пен суырыпсалмалық өнер жайында тұщымды пікірлер айтқан. Айтыстың қоғамдық-әлеуметтік маңызын бағалап, алғаш

рет ғылыми тұжырым жасап, ой-пікірін білдірген ғалым – Ш. Уәлиханов болса (Жармұхамедұлы, 2001: 23), филология ғылымдарының докторы Г.Ж. Пірәлі «Мұхтар Әуезов және Жамбыл» монографиялық ғылыми-зерттеу еңбегінде: «Қазақ фольклорында көп көңіл бөліне қоймаған ақын қыздар творчествасын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген М. Әуезов» (Пірәлі, 2021:26) дейді. Осылайша, қазақтың айтыскер ақын қыздарының айтыс дәстүріндегі айшықты орны бар екенін М.Әуезов ғылыми айналымға енгізіп, дәлелдеп берген болатын.

Қазақ айтыс өнерінің негізін қалаушылардың бірі әрі бірегейі, қазақтың тұңғыш айтыскер ақын қызы, есімі алты Алашқа қадірлі де қастерлі өнер иесі Ұлбике ақынның 180 жылдығына орай Қансейіт Әбдезұлы «Айтыс өнерінің ақтүйғыны» атты мақаласын жазған болатын. Онда «ХІХ ғасырда қазақ әдебиетінде айрықша қарқын алып, көш бастаушы жанрдың біріне айналған айтыс өнерінің ақтүйғыны Ұлбике Жанкелдіқызын ең алдымен тума талант дей келе, ақынның қысқа болса да, бірақ біртума, жалындап өткен шығармашылық жолы, шығармашылық тағдыры осынау тума таланттың, табиғи дарынның қазақ әдебиетінің тарихында қайталанбас өнер жасағанын, соңына баға жетпес мұра қалдырғанын дәлелдейді»- деген жазбасына қарап, қазақтың айтыскер ақын қыздарының бойына бүкіл асыл қасиеттерді қалай жиып алғанына таң қаласың... Қазақ айтыс өнерінің тарихында өзіндік ақындық қолтаңбасымен жарқырап көзге түскен Ұлбике мен Күдерінің айтыстарын сөз етуде С. Мұқанов «қазақ әдебиетінің өркендеу тарихындағы бір дәуірді көрсетеді. Әрине, ол тарих үшін қажет мәселе» (Мұқанов, 2002: 235) деген пікір айтады. Айтыс өлеңдерінің мазмұнынан заман шындығын ашына жырлаған қайсар қыздардың да тұлғасын көреміз.

Қазақта қыз бен жігіт айтысы туралы сөз қозғалғанда кімде-кімнің болмасын алдымен аузына түсетін есім – Сара десек артық айтқандық емес. «Біржан мен Ақын Сараның айтысы» қыз бен жігіт айтысының үлгісін көрсеткен шығармалардың қатарында. Зерттеуші Тәңірберген Қалилахановтың «Ақын Сара» атты еңбегінде: «Елінің еркесіне айналған қазақтың талдырмаштай айтыскер, қайсар қызы Ақын Сара өзгеше өнерпаздығымен, өзінің зерделі ойымен, астасқан шабытымен дараланып, елінің құлақ құрышын қандыра айтылған пайымды да парасатты жыр шумақтары жұртшылыққа ой салды» дей келе, Алаштың арысы Илияс Жансүгіров те кезінде ақын Сараның аруағына

тәу етіп, қара шаңырағын күзетіп қалған асыл жары Бекбай қариямен тілдесіп, ақын Сараның шаң басқан ақ домбырасын ұстап көріп қайтқаны туралы да жазылған екен. Осындай, қазақтың талантты қыздарының құрметке бөленуінің себебі, қазағымыздың ұлттық өнері «айтыс» дәстүріне деген ыстық махаббаты мен халқына деген адал сенімі деп білеміз.

Әдебиеттерге шолу

Осы орайда бүгінгі тақырыпқа арқау болып отырған айтыстағы қазақ қыздарының рөлін екселеу үшін жар-жар үлгісіндегі «қыз бен жігіт» айтысының маңызы ерекше. Қазақ халқы әрдайым айтыс өнері десе «ішкен асын жерге қоюға дайын». Оның ішінде қыз бен жігіт айтысы қай дәуірде қандай айтыстың да сәнін ашып, қанды қыздырып, көрерменнің асқан ықылысына ие болған. Ақиқатында қазақ қыздарының салтанатты көркі мен сұлу сөздері қарсылас жігіттің намысын жағып, бойларына рух берері хақ. Айтыс тарихына талдау жасасақ, Ырысты қыз бен Сидак, Тәуке мен Ұрқия, Нұржан мен Сырға қыз және басқа да қыз бен жігіт айтыстарын айта аламыз (Қазақ халық әдебиеті 2-том, 2006: 13).

Қыз бен жігіт айтысы – халық арасында ерте кезден бастап жеңіл ойын-сауыққа арналғанымен, айтыстың ауқымы дами келе қыз бен жігіт айтысы елдің басындағы әлеуметтік жағдай, жалпы әйел теңсіздігі көбірек әңгіме болып халық арасында өзіндік орны бар айтыс түріне айналғаны мәлім. Көбінесе аты шулы ақын қыздың өнері, тапқырлық дарынының күштілігіне қарамай, әлеуметтік теңсіздік салдары тіліне тұсау болып, сүрінетін кезі жиі байқалады. Қыз бен жігіт айтыстарында өз руын, елінің жақсыларын мақтаумен бірге, қыз бен жігіттің өнер жарысы айқын көрінеді. Олардың кейбіреулері қайымдасу не жұмбақтасу түрінде айтылады. Жұмбақ айтысының ең озық үлгілеріне Әсет пен Ырысжанның, Ұлбике мен Күдерінің айтыстарын жатқызады. Көпшілік алдында табиғат сыры мен қоршаған ортасын жұмбақ етіп, сұрақ қою, оған іркілмей шешуін тауып, жауап беру шеберлігі ақындарды тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеген. Сондықтан да халық айтыс жанрын өнер ретінде жоғары бағалаған. Қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын Қыз бен жігіт айтысы арқылы айтыскер қыз бен жігіттің даңқы асып отырған. Қазақ қыздарының айтыстағы орнын айшықтап, белгілей түсетін Сүйінбай – Күнбала, Ұлбике

– Күдері, Біржан – Сара, Ақсұлу – Кеншімбай, Бақтыбай – Мәйке, Ақбала – Боздақ, Әсет – Ырысжан, Жамбыл – Салиқа, Омаркүл – Тәбия, Ләтипа – Кенен, Әжек – Шәріпжамал, Мұса – Манат, Жамбыл – Айкүміс, көпке аса таныс емес Манап пен Надежда, Шолпан мен Елеусіз және басқа да айтыстар – көркем әдебиеттің қымбат қазынасына жатады деуге толық негіз бар. Қазақ әдебиеті тарихында арнайы тоқталып, есімдері мен шығармалары аталған Жетісу ақын қыз – келіншектердің мектебі жөніндегі зерттеуінде М. Әуезов: «...Ертеде Сүйінбаймен ұлан-ғайыр айтысқа түскен Күнбала, Жамбылмен айтысатын Айкүміс, Сайқал қыз, Бөлектің қызы-бәрі де айтыста сан ақыннан, сан топта озып, жүлде алып жүрген ақын әйелдер...», – дейді (Әуезов, 2007: 125). Тегінде ақынның атын шығаратын қарсыласының мықтылығы екені қай уақытта да белгілі. Топтан озып, жүлде алып жүрген ақын қыздарымыздың қарсыластары «әйел тағдырына» бей-жай қарамағандығын, оларды «әйел», «ана» ретінде ел алдында сыйлап, ақындық өнерін жоғары бағалап, мәртебесін де биіктетіп берді.

Қазақ қыздарының айтыстағы орны сөз болғанда Ұлбике Жанкелдіқызы есімді қазақ айтысында өзіндік орны ерекше айтыскер жайлы айтып өткен жөн. Өттеңі сол, Ұлбикенің ғұмыры тым қысқа болды. Ақын қызымыздың артында қалған асыл мұрасын жинақтауда М.Ж. Көпейұлы, Ә. Диваев, В. Радлов секілді әйгілі ғалымдар орасан еңбек етті. Ә. Диваев өз зерттеуінде «Бұдан 120 жылдай бұрын жанды бетіне қаратпаған ақын болып, қазақтан Ұлбике деген қыз шығыпты», деп көрсетеді. Қазақ даласының асыл мұраларын жинақтауда үлкен үлеске ие В.В. Радлов болса, Ұлбикенің шығармаларын Санкт-Петербург қаласында бастырып, кейіннен орыс және неміс тілдеріне тәржімалап, жариялайды, Сонымен қатар әдебиет саңлақтары М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Жолдасбеков секілді ғалымдарымыз Ұлбикенің ақындығына аса жоғары баға береді (Қазақ энциклопедиясы, 1998:123). Филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы: Ұлбике ақынның әр түрлі жанрадағы, әр қилы тақырыптағы айтыс үлгілерін қатар меңгергенін, солардың ешқайсысынан да осалдық танытпағанын айтады. Қайымдасу мен қағыса отырып отырып айтысуда «Ұлбике, Жанкел және Күдері қожа», «Ізтілеу мен Ұлбике», «Серәлі қожа мен Ұлбике қыз»; қыз бен жігіт айтысындағы «Ұлбике мен Мәделі», «Ұлбике мен Таспақожа» және тағы

да басқа ақындық жекпе-жектерді атап өтуге болады. Мысалы, елге жайылған, қайымдасып айтысудың озық үлгісі саналатын Ұлбике мен Күдері қожа айтысындағы:

Жаратқан бар ма екен көрген нұрын,
Бұрын көрген бейіштен алады орын.
Қожеке, мен сенен бір сөз сұраймын,
Не жаратқан болады ілік бұрын?», –

деп келетін жолдардан Ұлбике ақынның дүние сырын, күллі жаратылыс болмысын үлкен дүнетаныммен, терең біліммен, ауқымды философиялық ой-парасатпен бағалайтынын аңғарамыз («Дала мен қала», 2006: 9).

Айтыстағы қазақ қыздарының орнын саралағанда А.Қыраубаеваның «Бір қыз бен он алты ақын» еңбегінде қазақ қыздарының айтыстағы сөздерінің жүйелігі беріледі. Тіпті қыздардың айтысы арқылы бағзы заманнан бастап осы бүгінгі күнге дейінгі қыздардың өмірін көре аламыз. Мәселен, «Қарашаш пен Айдос» айтысы арқылы ертедегі жаугершілік уақыттағы әйелдердің ауыр тағдыры көздің алдына келеді, қолынан найза алып жауына қарсы шапқан ердің дауысы құлаққа келіп ұрғандай болады. А. Қыраубаеваның суреттеуінше Ырысты мен Ақсұлу, Сара мен Тәбиялардың айтысынан өз теңіне қосыла алмай, зар заманның кесірінен қызғалдақ ғұмыры қор болған қыздардың мұң-зары келеді. Десе де қыздардың айтыстағы суырып салмалық қасиеті ер-азаматтардан әсте, кем түспейді, керісінше кейте басым түсіп отырады (Қыраубаева, 1985: 379).

Қазақ жерінде орын алған революцияға дейін қазақ қыздарының теңдік мәселесі әрдайым өзекті болды. Қазақ қыздары өз айтыстарында осы тақырыпты үнемі тілге тиек етіп отырды. Ондай сәт Ақын Сараның да тағдырынан айналып өтпеді. Өзіне жастайынан атастырылған Жиенқұлдан қалай құтылудың қамы алға басқан адымын тежей беретін. Біржанның ақындық қырымен төпеленген сөз маржаны арқылы емес, зорлықпен Біржанша айтқан «шірік күйеудің» арқасында Ақын Сара жеңіліс табады.

Біржан:

Шақыртып күйеуінді осында алдырт,
Көрейін таңдап қосқан сыңарынды.
Тез алдырт күйеуінді, Сара саңлақ,
Көрейін еркегіңді тиген таңдап.
«Жақсыны көрмек үшін» деген, Сара,
Өзі түгіл, ел қамын жеген, Сара.
Мырзанды, Жиенқұлдай шапшаң шақырт,
Ұялып бөгелесің неден, Сара?

Сонда Сара найманның кіл жақсыларына қарап мұңын шаға қарап, жауап береді:

Сара:

Қажысеке-ау, мынау қалай ақырады?
Жиенкүл тез келсін деп шақырады.
Көрсетсін, асылыңды ап келіндер,
Аулында ол келгенше отырады.
Арғынға жол бермеген есіл тілім,
Күн өтпей қор боп ұшқан қызыл гүлім.
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім –

деп іштегі шерімен бөліседі (Қыраубаева, 1985:48).

Ақын Сараның қайғысы Біржан салға да ауыр тиді. Өрімдей жас қыздың тағдырына алаңдаған Біржан сал ақын Сараны малға сатқан Есімбек пен Тұрысбекті сынай келе қажыға:

«Сараны Жиенкүлға бере көрме,
Қыз түгіл ер құнына келер шамаң.
Бар болса сүйегінді ойларсыңдар,
«Өлі тілін тірі алмас»

деп, жалпы жамиғатқа, әлбетте, елдің жақсы-жайсандарына елдіктің, азаматтықтың белгісін білдіре айтысты түйіндейді. Біржан салдың бір ауыз өлең жолы елдегі болыс, байлардың назарына ілігеді. Ел ішінде ақын Сараның басына бостандық беру туралы мәселе өткір көтеріліп, қызу талқыға түсе бастайды. Сонда халық сөзін қолдап Есімбек бай, Мүсәпір батыр, Дубек болыс сынды беделді жандар салықалы әңгіме бастауға кіріседі. Түптеп келгенде, ақын Сараның тағдыры, бір ғана Тұрысбек қажының қолында тұрады. Әсірі, орыс, өзбек, қытай саудагерлерімен араласа дәулеті тасып, қазақ даласына «Мамания» мектебін ашқан Маман-Тұрысбек тұқымдары ойлана отырып 1896 жылы ақын Сараны сұрықсыз Жиенкүлдан құтқарады (Өлдібаев, 2001: 9).

Осы орайда қазақ ақын қыздарының жазбаша айтыстағы да орнын атап өткен жөн. Алма Қыраубаеваның «Бір қыз бен он алты ақын» деп еңбегінің аталуына мұрындық болған «Ырысты мен он алты ақынның» жазбаша жұмбақ айтысы. Мұнда Ырыстының жұмбағына он алты ақын жауап береді. Ырысты басқа ақындарға «кәріні бар ма амал жасартқандай» деп сауал тастайды. Ақындардың бірі кәріліктің емі сұлу қыз десе, екіншісі ғашықтық, енді бірі кәрі кісі жас болмайды дейді. Тағы бір ақын кәрілікті жасартатын адал ұрпақ пен иман, сұлу жар деп бейнелейді. Ақынның бірі емді жан тынышты-

ғынан ізде деп жөн сілтейді. Соңында Ырысты ақын он алты ақынның келген жауабына өлеңмен жауап жазады. Нәтижесінде адамды қартайтатын қайғы екен, ал жасартатын жақсылармен бас қосу деп түйіндейді (Қыраубаева, 1985: 83). Бұл айтыс арқылы қазақ қыздарының орны айтыста ер-азаматтармен деңгейлес болғанын байқаймыз. Байқасақ, Ырыстыға жауап берген он алты ақынның барлығы да ер-азамат. Бірақ қай уақытта болмасын, ер мен әйел айтысқан жерде әріптестер неғұрлым жасы құрбыластар болып келеді. Өйткені «әйел жолы жіңішке» дегендей, жасы кісі келіншектер мен жас қыздардың өздерінің ағасындай, атасындай адамдармен салғыласып, асты-үстің қазысып жату әдеті жол алып көрмеген, ұлттық тәлім-тәрбиенің шеңберіне сыймайтын нәрсе болған. Ер адамдардың айтысу мәні өз алдына басқаша.

Біқылым заманнан айтыс қазақ халқының сөз маржанын тергізіп, жиналған қауымның құлақ құрышын қандырып, тыңдаған есті құлаққа сөздің мәйегін сүзіп беретін өнердің бірегейі. Айтыс үнемі белгілі бір әуен және музыкалық аспаппен сүйемелденіп отырды. Ақындардың көбі айтыста өзіне домбыраны серік етті (Orakova, 2014: 269). Айтыстағы ақын қыздарымыздың көпшілігінде домбыра болды. Осы домбыра аспабын меңгеруі, айтысуға әуен ойлап табуы, дауыспен музыкалық аспаптың үндестігін бағамдай алуы, өлеңді тез арада суырыпсалуы барлығы үлкен сауаттылықты қажет етеді. Демек, қазақ қыздарының жан-жақтылығы мен ізденімпаздығының арқасында, өнер үшін аянбай еңбектенгенін байқай аламыз. М.Әуезов айтыс өнерінің ерекшелігі жайында әлемдік және ұлттық фольклористика ғылымының білгір маманы ретінде, күні бүгінге дейін ақын бетіне шіркеу болып келген сауатсыздығын биік ғылыми ойлармен, әдеби талдаулармен халық санасынан біржола сызып, оның жан-жақты білімдарлығын, табиғат тарту еткен ойлау, көркемдікті қабылдау қабілеті мен еске сақтау қабілетінің ұшқырлығын, адамзат құндылықтарын естіп, қабылдап, таразылап, талғап, сұрыптап, тереңінен толғап барып түйсініп, тұщынып қайта қорытып жоғары кәсіби біліктілікпен бейнелеп жеткізудің кез келгеннің қолы жете бермейтін қасиет, дарын, талант екендігін ғылыми теориялық тұжырымдар тұрғысынан дәлелдеп берді (Пірәлі, 2021: 75).

Нәтижелер мен талқылау

Уақыт пен қоғамның бедерін айқындап, ұлт тарихының шежіресіне айналған айтыс өнері

XX ғасырдың соңына қарай, заманауи технологиялық жетістіктер нәтижесінде, өзінің бұқаралық пәрмендігін одан әрі күшейте түсті. 1980 жылдардан бастап, ақын Жүрсін Ерманның ұйымдастыруымен қолға алынған теледидарлық айтыстарда жаңаша сипат алды. Халық алдына теледидар арқылы жарқ ете қалған алғашқы «айтыс қарлығаштары» 1983 жылғы 14-желтоқсанында көрермендердің көзайымына айналып, ел ықыласын өздеріне баурай алды (Өшірбаев, 1999:23). «Ел іші – өнер кеніші» дегендей айтыскер ақындарымыздың арқаны үзілген жоқ. Сондай айтыскер ақын анамыз Таушен Әбуова болды. Таушен апамыздың айтыскерлік өнері қазақ еліне тез тарайды. 1989 жылы Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында өткен айтысында жастайынан айтыс өнеріне қанық болғанын, осы өнері арқылы ел танып, жер танып жүргені баяндалады айтысынан үзінді жазып алынды.

Туысқан деп шақырса ескеріпте,
Бауырлас бірін-бірі жат көріпше.
Атақты Отырардың шахарынан,
Ыстық сәлем әкелдім Ташкентке.

Бүкіл әлем шалқыған шалқарында,
Бірінші май мейрамы қарсаңында.
Болып өткен кешегі мейрамыңмен,
Бізде келдік көпшілік қарсы алуға.

Армысың осы отырған халың елім,
Өнерменен халқымды танып едім.
Оның ішінде бұл өлең жолдас еді,
Жасымнан өнерге қанық едім.

Осы әнімді шықатып Алматыға,
Керекуге, Мәскеуге барып едім –

деп (YouTube), қазақтың айтыскер ақын қыздары айтыс өнерімен Мәскеуді де мойындатты.

Таушен апамыздың жерлесі, Отырар шахарының тумасы, Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова күллі қазақ жұртының мақтанышы. Әселхан апамыз, елдің мұңын жоқтап, өткір тілімен елге өтімді көркем сөздер айтып, айтыс өнеріне ерекше леп әкеліп, талай жетістікті бағындырды. Айтыс өнеріне қаншама жастарды тәрбиелеп, бағыт-бағдар берді. Әселхан апамыз өзінің берген сұқбатында былай дейді. «Айтыс өнері бойымда бар болғанымен сиыр сауып, кір жуып жүріп үйде қалып кететін едім. Осы «Айтыс» деген құдірет шығып, айтыс тіріліп мені үйден суырып алып айтысқа қосылдым» – дейді. Әселхан апамыздың айтыс өнерінде жүйрік

болуының тағы бір себебі, жастайынан кітапты көп оқыған екен. Көптеген айтыстарында аталған мәселелер ерекше көрініс тауып, көпшілікке ой сала біледі. Осы тектес айтыстардың ішінде Әселхан Қалыбекова мен Әзімбек Жанқұлиевтің айтысын ерекше атауға болады. Осы Әселханның жетімдер мен тастанды қариялардың жай-күйіне күйініп жырлағаны да өзекті осып өтеді.

Тастанды бала менен қара шалдың,
Тағдыры бірдей десем таласар кім.
Тамақ тоқ, жатар төсек болса-дағы,
Жылуын қайдан табар алақанның? –

деп үдете жырлаған Әселхан ақын сол бір солқылдақ қоғамның құрт сынды кеулеген мәселесін адамдардың жүрегінен мейірім кеткенімен байланыстырып, ашына жырлайды. Ақын қоғамдағы жазылмас дерттердің азғындауына адам бойындағы мейірімсіздік басты себеп болып отыр деп ашынады. Өкінішке орай, қазақтың таудау айтыскері Әселхан апамыз туралы толық зерттеу жұмыстары мүлде жоқ десекте болады. Әр бір айтысын тыңдай отырып, шынайы бейнесі мен көркем сөздері адамға күш қуат беріп, ерекше шабыт аласың. Әселхан апамыздың айтыскер ақындығымен қоса жазба өлеңдері мәңгілік ел жадында.

«Айтыстың ақ берені» атанған Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова өзінің бір сұхбатында «Ақын болу оңай емес. Әсіресе, нәзік жандылар үшін бұл жолды алып жүру қиынның қиыны» деп, өз мұңын өлеңімен жеткізеді.

«Бәрінің бабын тауып жүргенменен,
Жылайтын жазылмаған жырым ғана.
Ортақ тіл табу үшін өзгелермен,
Өз тілінді тістеуің керек екен», –

деген жырлары ақынның жүрек сөзі, тыңдарманының сезім пернесін дөп басады (Ағытаев, 2015:23). Әсия Беркенова бүгінгі таңда ұйымдастырылып жатқан айтыстарда әділ – қазы болып, жас ақындарға ақыл-кеңестерімен бөлісіп жүр.

Өткен ғасырдың 70-жылдары елге аты ерекше мәлім болған айтыскер қыздардың бірі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері, ардақты Ақ Жайықтың белгілі айтыскер ақыны – Шолпан Қыдырғиязова. Өз халқының қазыналы өнерін дәріптеуде еткен еңбегі мен жеткен жетістігі көп. Туған жерін мақтан тұтып, өз айтыстарында бақуатты Батысын жырға қосады.

Үйреттің тік жүруді шашақтанбай,
Баққа да, бақытқа да масаттанбай.
Туған жер мен өзіннен қуат алам
Болдырған атқа құйрық асатқандай» –

деп жырлаған ақын өз айтыстары арқылы елге кеңінен танылып, телеарна арқылы таралған айтысыме халықтың мол ықыласына бөленді. Шолпан Қыдырғиязова апамыз әлі де болса, туған жері Батыс өңірінде білім саласында қызмет етуде.

Осы тұста тек еліміздің ішінде ғана емес, алыс-жақын шетел қазақтары арасында айтыстың ерекше даңққа ие болғаны мәлім. Соның бірегейлерінің бірі Моңғолия қазақтары арасындағы айтыс өнерінде шоқтығы биік, арқалы айтыскер ақын Қабдыжәлел Сахарияұлы мен Қазақстандық Жадыра Құтжанова айтысында:

«Көліме қасқалдағым келді қонып,
Дәл бұндай болған жоқ қой, бізде ерік.
Бауырлар Отанына бас игендер,
Жанардан моншақтады жаста иіп.

Белгілі Баян-Өлгей бақ қонған жер,
Малы тоқ, азаматы шаттанған жер.
Артында жұрты қалып ауылының,
Шұбырып «Елім-айлап» аттанған жер.

Көздері Елімай деп талды мекен,
Сағыныш жүректерді шалды мекен.
Кезінде баға жетпес асылдардың,
Жарқырап сынықтары қалды мекен» –

деп жыр еткен Жадыра Құтжанова Баян-Өлгей мекенінің сол зұлмат замандарда шұбырып, үдере көшкен қазаққа пана болғанын айтып өтеді әрі асыл халықтың ұрпағының өз жеріне оралуын жырына арқау етеді.

Айтыскер аналарымыздың артынан Маржан Есжанова, Ақмарал Леубаева, Елена Әбдіхалықова, Анар Жаппарқұлова, Айнұр Тұрсынбаева, Жансая Мусина, Әсем Ережеқызы, Сара Тоқтамыс есімді қазақтың ақын қыздары айтыс өнеріне қызмет етуі арқылы, ұлық өнерді дәріптеп, ертеңгі ұрпаққа жалғастыру үшін қызмет етіп жатыр. Бұл буындардан үлгі алып Жаңа Қазақстанның жас айтыскер ақын қыздарымыз өсіп келе жатыр. Олар Айым Асылбекқызы, Айшолпан Төлеутай, Алина Айдаралы, Әсел Таушановаларды ерекше атап өтуге болады.

Қорытынды

Бүгінгі ақындардың өзіндік мүмкіндіктері мен жекелеген көзқарастары әртүрлі, оның

ішінде соңғы кездері әр айтыстың белгілі бір тақырыпқа сай ұйымдастырылатынын ескерсек, тек берілген тақырып аясында емес, елдің, жердің жағдайын, ел арасындағы қиын мәселелерді көтеру тән. Әсіресе қоғам арасындағы қарыз, алдау, арбау мәселесі және қыз бен жігіт арасындағы әзіл айтыс әлі де күн тәртібінен түспеген, өзекті. Сонымен қатар, олардың қоршаған дүниені тануы, материалдық өмірге деген қарым-қатынасы, заманауи талаптары, сол уақыт қалыптастырған мүмкіндіктері басқа. Бұрынғы ақындарда территориялық масштабты көру үлгісі болса, қазіргі ақындарда ғаламдық тіпті галактикалық ойлау мүмкіндігі қалыптасқан. Бұл дегеніміз қазіргі ақындардың бұрынғы ақындардан артықшылығын көрсету емес, екеуінің арасындағы уақыт тудырған мүмкіндіктер мен жетістіктерді салыстыра кеткеніміз артық болмас.

Өзгеріс – уақыт талабы. Қазіргі таңда, әлемді жаулаған интернеттік жүйе арқылы айтыс өнері ХХІ ғасырдың да жаңа форматына айналып бастады. Осы ғаламтор желілері арқылы айтыскер ақындарымыз «айтыс өнерін» интернет арқылы дамытуға болатынына көз жеткізді. Бүгінгі заманда барлық адамзаттың қолындағы смартфон (ұялы телефон) арқылы өзімізге қажетті ақпаратты тез әрі жылдам табатынымыз секілді айтыстың ақпараты да интернетті шарлап кетті. Елімізде ұйымдастырылып жатқан кез келген айтыстардың үзінділерінен халыққа ұнаған ұтымды тұстарын ғаламтор желісіне салып, оны жан-жақтан талқылап, халық өз бағасын беріп жатады. Мәселен, 2022 жылы Түркияның Анкара қаласында өткен Халықаралық айтысында Қазақтың айтыскер ақын қызы Әсем Ережеқызы мен Түрік ақыны Темел Тураби айтысының үзіндісі ғаламтор желісіне жүктеліп, бәріміз қызыға тамашалаған болатынбыз. Әсем қызымыз түрік тілінде еркін өлең құрап, түрік ағайындарымызды таң қалдырды. Басқа елге барып, елінің намысын қорғады. Мұның өзі айтыскер қыздарымыздың батылдығымен қоса бірнеше тілдерді меңгеріп, түрік ақынымен еркін айтысқаны жанжақты, білімділігінің бір көрінісі. Түрік халқында айтыскер ақындар тек ер адамдар ғана екен.

Айтыс өнері ежелден ана сүтімен, әке қанымен берілетін өнер түрі. Десе де, бүгінгі таңда ЖОО-да арнайы «Айтыс» мамандығы ашылды. Айтыскер жас ақын Айым Асылбекқызы суырыпсалмалық дара қасиет тегінде болса да, білімін одан әрі дамытуда. Бұл дегеніміз айтыс тынысының тағы бір даму үрдісінің қалыптасып жатқаны.

«Айтыс өнері» қызығы мен шыжығы мол өте қиын өнер. Шындықты айтып, шын таланттыңды бағамдайтын өнер. Ұлттық рухты көтеретін рухани өнер. Екі ақын арасындағы өз ойларын импровизациялау және жеткізу қабілетіндегі күрес өнер. Міне, осы құдіретті қиын өнерді бойларына дарытқан қазақтың айтыскер қыздарының бойында үлкен қайсарлық бар. Зерделей отырып байқағанымыздай, айтыскер қыздарымыз оқу-өнермен бірге заман талабына сай кәсіпкерлікті де қоса мең-

геріп, елімізге төнген қиын сәттерде көмек беруден де тартынған емес. Кез-келгеніміздің қолымыздан келмейтін қайырлы істер жасап, қайыспай елдің жүгін ер азаматтарға бергісіз қыруар жұмыстарды да жасапта жүр. Біқылым заманнан көші үзілмеген халықтың ең бағалы дәстүрінің атын өшірмей, керісінше екінші бір тынысын ашып, жандандырып жүрген айтыскер ақын қыздарымызды бағалай білейік. Келешекте олардың айтыстағы мұрасы болса да арнайы зерттелу қажет.

Әдебиеттер

- Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы, 2001. – 293б.
 Пірәлі Г.Ж. Мұхтар Әуезов және Жамбыл. Монография. – Алматы, 2021. – 26 б.
 Қазақ халық әдебиеті. 2 том. – Алматы, 2006. – 342 б.
 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 440 б.
 Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. – 720 б
 Әбуова Т. Айтыскер ақын. Деректі фильм. 2018.
 Әшірбаев Б. Қазіргі ақындар айтысы және әлеуметтік өмір//ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1999. №5.– 65 б.
 Әлдібаев Н. Айтыстың алдаспаны – ақын Сара//Егемен Қазақстан. 2001. №156. – 9 б.
 Қыраубаева А. Бір қыз бен он алты ақын: Айтыс//Жалын. – 2013. – 379 б.
 Orakova L. Performans Teori'nin Aytislara Uygulanmasi ve Konisbay'in Sinbolat'la Yaptigi Aytista Soleyici Genel Dinleyici. Bilig Journal. 2014. – 280 p.
 Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I бөлім. Екінші басылымы. – Алматы, 2002. – 272 б.
 Әбдезұлы Қ. Айтыс өнерінің ақтұйғыны// Дала мен қала газеті. 2006. №13(142). – 9 б.
 Ағытаев И. Арынды ақынның айтулы кеші: айтыскер ақын Әсия Беркенованың кездесу кеші// Қостанай таңы. 1993. – 4 б.
 Жаппарқұлова А. Шын жүйрік, шынайы дүлділ// Оңтүстік Қазақстан сайты. 2020.

References

- Auezov M. (2007). Shygarmalarynin elu tomdyk tolyk jinagy [Auezov's fifty-volume complete collection of his works]. Almaty. 440 p. (in Kazakh).
 Abuova T. (2018). Aitysker akyn. Derekti film. [A famous poet. Documentary film].
 Ashirbayev B. (1999). Kazirgi akynдар aitysy jane aleumettik omir [Aytys of modern poets and social life]. Almaty.65 p. (in Kazakh).
 Aldilbayev N. (2001). Aytistin aldaspany – akyn Sara [Master of aytys – poet Sara]. Almaty.9 p. (in Kazakh).
 Abdezuly K. (2006). Aitys onerinin aktuuygyny [Best of art of aytys]. Almaty. 9 p. (in Kazakh).
 Agytayev I. (2015). Aryndy akynnin aytuly keshi: aitysker akyn Asiya Berkenovanin kezdesy keshi. [Talented poet's famous evening: poet Asiya Berkenova's evening]. Kostanay. 4 p. (in Kazakh).
 Kyraubayeva A. (2013). Bir kyz ben on alty akyn: Aitysy [One girl and sixteen poets: Aytys]. Almaty. 379 p. (in Kazakh).
 Kazak halyk adebiyeti. (2006). [Kazakh folk literature]. Almaty. 342 p. (in Kazakh)
 Mukanov S. (2002). Qazaqtin XVIII-XIX gasyrdagy adebiyetinin tarihyndan ocherkter [Essays of the history of Kazakh literature of XVII-XIX centuries]. Almaty. 272 p. (in Kazakh).
 Orakova L. Application of performance theory to aytys, aytys of Konisbay and Shinbolat, general audience. Discovery and editing. Turkey. 280 p. (in Turkish).
 Pirali G. (2021). Mukhtar Auezov jane Zhambyl. Monografiya [Mukhtar Auezov and Zhambyl]. Monography. Almaty. 26 p. (in Kazakh).
 Ultyyk ensiklopedia. (1998). [National Encyclopedia]. Editor-in-chief A. Nysanbayeva. Almaty. 720 p. (in Kazakh).
 Zharmuhameduly M. (2001). Aitysy olenderinin argy tegi men damy [Origin and developments of the aytys]. Almaty. 293 p. (in Kazakh).
 Zhapparkulova A. (2020). Shyn juirik, shynayi duldul. [The great poet]. Southern Kazakhstan website. (in Kazakh).